

"Ұшу аппараттары өндірісі" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 339 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 сәуірде № 10668 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 308 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.03.2016 № 308 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Ұшу аппараттары өндірісі» кәсіби стандарты б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р ж ә н е д а м у
м и н и с т р і Ә. И с е к е ш е в

« К Е Л І С І Л Д І » :
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ ж ә н е ә л е у м е т т і к
д а м у м и н и с т р і
----- Т. Д ү й с е н о в а

2015 жылғы 6 наурыз

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р ж ә н е д а м у м и н и с т р і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 3 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 339 бұйрығымен бекітілген

«Ұшу аппараттары өндірісі» кәсіби стандарты 1. Жалпы ережелер

1. «Ұшу аппараттары өндірісі» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде персоналды кәсіпорындарда оқытуға, білім беру мекемелерінің қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы кең шеңбердегі міндеттерді шешуге арналған.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) ақаулау – техникалық жай-күйі мен одан әрі пайдалануға жарамдылығын анықтау үшін техниканың агрегаттары мен бөлшектеріндегі ақаулықтарды а н ы қ т а у п р о ц е с і ;

2) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға д а й ы н б о л у д е р е ж е с і ;

3) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты болмау , жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейі мен құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

4) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жинағы;

5) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің тұтас жинағынан қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

6) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

7) кәсіби топ – жалпы ықпалдасқан негізі (ұқсас және мақсаттылығы жақын объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жинағын болжайтын кәсіби кіші топтар жиынтығы;

8) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білімі туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімдерді, біліктерді және практикалық дағдыларды білуді талап ететін адамның еңбек қызметі кәсібінің негізгі түрі;

9) квалитет – бұйымды (бөлшектерді) дайындау дәлдігінің рұқсат ету мәнін айқындайтын сипаттамасы;

10) кәсіптер сыныптауышы – атауларын бірыңғайландыруға қол жеткізуге және еңбек нарығының жай-күйі бойынша деректерді статистикалық есепке алуды, салыстыруды және талдауды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қызметтердің (кәсіптердің) жүйелендірілген тізбесі;

11) Мемлекеттік оптикалық институт пасталары – болат қорытпаларды (оның ішінде термиялық беріктетілген), түсті металдарды, қатты пластмассалар мен полимерлерді, шыныны (оның ішінде оптикалық), керамикалық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды тегістеу және жылтырлату үшін қолданылатын, хром оксиді (III) негізіндегі тегістеу және жылтырату пасталары;

12) негізгі топ – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлардың және жұмыс істейтіндердің кәсіби дағдыларының ортақтығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

13) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

14) тесік іздегіш – шаманы анықтауға, оқшаулауға және сандық түрде бағалауға арналған аспап;

15) ұшу аппараты – атмосферада ұшуға арналған құрылғының (аппараттың) жалпы атауы.

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

1) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

2) БА – басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

3) БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

4) КС – кәсіби стандарт;

5) МОИ – Мемлекеттік оптикалық институт.

2. КС паспорты

4. КС атауы: Ұшу аппараттары өндірісі.

5. КС әзірлеудің мақсаты: кәсіби қызметтің мазмұны мен сапасына, ұшу аппараттары өндірісі саласындағы мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын анықтауға қойылатын бірыңғай талаптарды біріздендіру, белгілеу және қолдау.

6. КС-ның қысқаша сипаттамасы: ұшу аппараттарын өндіру және жаңғырту, түрлі үлгідегі ұшу аппараттарын, сондай-ақ тәжірибелік және эксперименттік бұйымдарды құрастыру, құрастырылған бұйымдар жүйелерінің өзара іс-қимылын кешенді пысықтау және тексеру.

7. Негізгі топ: авиациялық техника.

8. Кәсіптер сыныптауышы бойынша кәсіби топ: ұшу аппараттары өндірісі.

3. Кәсіптердің карточкалары

9. Кәсіптердің тізбесі:

1) қозғалтқыштарды құрастырушы слесарь, СБШ бойынша 2-4-біліктілік деңгейлері;

2) ұшу аппараттарын құрастырушы слесарь, СБШ бойынша 2-4-біліктілік деңгейлері;

3) авиақозғалтқыштарды жөндеу жөніндегі слесарь, СБШ бойынша 2-4-біліктілік деңгейлері;

4) агрегаттарды жөндеу жөніндегі слесарь, СБШ бойынша 3-4-біліктілік деңгейлері;

5) ұшу аппараттарын жөндеу жөніндегі слесарь, СБШ бойынша 2-4-біліктілік деңгейлері;

6) электромеханик, СБШ бойынша 5-біліктілік деңгейі;

7) техник-технолог, СБШ бойынша 5-біліктілік деңгейі;

8) инженер, СБШ бойынша 5-біліктілік деңгейі.

10. Кәсіптердің карточкалары осы КС-ге қосымшада келтіріледі.

«Ұшу аппараттары өндірісі» кәсіби стандартына қосымша

«Қозғалтқыштарды құрастырушы слесарь» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	7232
Кәсіптің атауы	Қозғалтқыштарды құрастырушы слесарь
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2-4
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-7
Кәсіби білім деңгейі	Орта кәсіби білім

Еңбек функциялары	<p>1) Құрастыруға және монтаждауға слесарлық-құрастыру дайындығы.</p> <p>2) Түрлі күрделілік дәрежесіндегі қозғалтқыштар мен агрегаттарды құрастыру және монтаждау.</p> <p>3) Стендтер және престерде қозғалтқыштың құрастырылған тораптары мен агрегаттарына сын жүргізу. Қозғалтқыштарға стендтік сынақтар (суықтай жүргізіп жаттықтыру) жүргізу.</p>		
Білігі мен дағдылары	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2-3)	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 4-5)	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: біліктілік разряды: 6-7)
1-еңбек функциясы. Құрастыруға және монтаждауға слесарлық-құрастыру дайындығы			
	<p>1. Қозғалтқыштар мен агрегаттардың қарапайым тораптарын бөлшектеу дағдылары, қозғалтқыштың бөлшектерінен және тораптарынан майларды кетіру білігі.</p> <p>2. Визуалды қарау кезінде қозғалтқыш бөлшектерінің ақауларын айқындау дағдылары.</p> <p>3. 8-14 квалитеттер бойынша түрлі күрделілік дәрежесіндегі қозғалтқыш бөлшектеріне слесарлық өңдеу жүргізу білігі.</p> <p>4. Материалдардың қасиеттерін айқындау үшін анықтаманы пайдалану, материалдар маркаларының шифрін ажырату және олардың қолданылу аясын анықтау білігі.</p> <p>5. Өлшеу құрал-сайманының көмегімен қозғалтқыштар мен агрегаттардың бөлшектерін өлшеу білігі.</p> <p>6. Жұмыс жағдайын талдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, өз қызметін бағалау және түзету білігі.</p>	<p>1. 6-7 квалитеттері бойынша байланыстары бар қозғалтқыштар мен агрегаттардың күрделі тораптарын консервациядан алу және бөлшектеу жүргізу білігі.</p> <p>2. Бөлшектер мен тораптардың жиынтықтылығын және сапасын анықтау дағдылары.</p> <p>3. Металдарды термоөңдеу, пісіру және дәнекерлеу дағдылары.</p> <p>4. Слесарлық және бақылау-өлшеу құрал-сайманын жөнге келтіру және жөндеу дағдылары.</p>	<p>1. Сызбалық-графикалық және технологиялық құжаттаманы (эскиздерді, техникалық суреттер бөлшектердің, олардың элементте сызбаларын және тораптарын орындау дағдылары.</p>
Білімі	<p>1. Қозғалтқыштың қарапайым тораптарын бөлшектеу технологиясын және қозғалтқышты бөлшектеуге арналған технологиялық құжаттаманы ресімдеу тәртібін білуі.</p> <p>2. Майлаудың негізгі түрлері мен оларды жою тәсілдерін білуі.</p> <p>3. Техникалық өлшемдер және бұрандалар туралы негізгі мәліметтерді білуі.</p>	<p>1. Беттерді өңдеу, металдарды термоөңдеу, пісіру және дәнекерлеу параметрлері туралы білуі.</p> <p>2. Қозғалтқыштың тораптарын бөлшектеуге арналған монтаждау және бөлшектеу стендтерінің құрылымын және пайдалану қағидаларын білуі.</p>	<p>1. Өндірісті механизациялау автоматтандыру және компьютерлік және олардың міндеттері туралы негізгі түсініктерді білуі.</p> <p>2. Компьютерлік графикалық бағдарламалардың негіздерін білуі.</p> <p>3. Тораптар мен агрегаттардың бөлшектерінің ақауларын табу әдісін білуі.</p> <p>4. Қозғалтқыштың конструкциясы туралы білуі.</p>

	<p>4. Шектеулер жүйесі туралы жалпы мәліметтерді білуі.</p> <p>5. Материалдарды слесарлық өңдеудің барлық түрлерінің технологиялық процестерін білуі</p> <p>6. Коррозияның негізгі түрлерін және металдарды одан қорғау тәсілдерін білуі.</p>	<p>3. Сериялар бойынша қозғалтқыштар мен агрегаттардың бөлшектері мен тораптарының конструкциялық өзгерістерін білуі.</p>	<p>қолданылатын металдардың қорытпалардың және беймет-материалдардың механикалық қасиеттері мен маркаларын білуі.</p>
	<p>2-еңбек функциясы. Түрлі күрделілік дәрежесіндегі қозғалтқыштар мен агрегаттарды құрастыру монтаждау</p>		
Білігі мен дағдылары	<p>1. Тораптардың бөлшектерін стапельге немесе жинайтын құрылғыға бекіту білігі.</p> <p>2. Құрастыру керек-жарағын және құрал-сайманды пайдалану білігі.</p> <p>3. Бұрандамалардың, бұрамалар, түйреуіштер, шпонкалар және шлицтер арқылы жалғанатын күрделілігі орташа қозғалтқыштар мен агрегаттардың тораптарын құрастыруды орындау білігі.</p> <p>4. Қозғалтқыштардың бөлшектері мен тораптарын шплинттеуді, өздігінен бұралып шешілуін, таңбалауды, өшіруді және пломбалауды жүргізу білігі.</p> <p>5. Қозғалтқыштың бөлшектері мен агрегаттарын бөлшектеу мен жинауға арналған күрделі емес керек-жарақтарды дайындау білігі.</p>	<p>1. 6-7 квалитеттері бойынша қиыстыруды және орнатуды қажет ететін қозғалтқыштар мен агрегаттардың күрделі тораптары мен механизмдерін құрастыруды және реттеуді, оларды техникалық құжаттамаға сәйкес бекітуді орындау білігі.</p> <p>2. Монтаждалатын бөлшектердің, тораптардың және агрегаттардың тартылуы мен саңылауларын қиыстыруды орындау, орталықтау және нивелирлеу білігі.</p> <p>3. Қозғалтқыштың күрделі бөлшектері мен тораптарын таңбалау, өшіру және пломбалау білігі.</p> <p>4. Күрделілігі орташа қозғалтқыштардың бөлшектері мен тораптарын технологияға сәйкес статикалық және динамикалық теңестіруді жүргізу білігі.</p> <p>5. Дәл өлшеу аспаптарын, құрал-сайманды, мүйізді кілттерді пайдалану білігі.</p>	<p>1. Қозғалтқыштың күрделі бөлше мен тораптарын жетілдіру дағды</p> <p>2. Редукторларды және фрикцис муфталарды құрастыру дағды</p> <p>3. Турбиналар мен компрессор роторларын динамикалық теңгері арқылы құрастыру (</p> <p>4. Түрлі күрделілік дәрежесін қозғалтқыштарды және олард агрегаттарын түпкілікті құрастыру реттеу білігі.</p>
Білімі	<p>1. Қозғалтқыштар мен агрегаттардың қосылыстарының негізгі түрлерін білуі.</p> <p>2. Қозғалтқыш агрегаттарының конструкциясы мен қолданылу мақсаты туралы</p>	<p>1. Қозғалқыштар мен олардың агрегаттарын жинаудың технологиялық реттілігін білуі</p> <p>2. Қозғалтқыштың агрегаттары мен жүйелерін монтаждауға, өңдеуге, реттеуге арналған техникалық талаптарды білуі.</p> <p>3. Монтаждалатын агрегаттар мен жүйелердің өзара</p>	<p>1. Реактивті, турбобұрамалы не піспекті қозғалтқыштардың конструкциясы мен жұмыс іс қағидаттарын (</p> <p>2. Қозғалтқыштар мен агрегатта тораптары мен бөлшектерін техни талаптарға сәйкес әртүрлі әдісте қалпына келтірудің негіз технологиялық процестерін</p> <p>3. Қуатты және тәжірибе. қозғалтқыштардың конструкция және құрастыру технологиясы</p>

	негізгі мәліметтерді білуі. 3. Құрастыруға келіп түсетін бөлшектер мен тораптардың сапасына қойылатын техникалық талаптарды білуі.	іс-қимылы мен жұмыс істеу қағидаттарын білуі. 4. Консервациялайтын және майлайтын материалдарды, қозғалтқыштың металл-керамикалық, графиттелген, тальктелген және резеңке бұйымдарын қолдану қағидаларын білуі	ерекшеліктерін білуі. 4. Өндіріс технологиясына сәйкестікті құрастырылған қозғалтқыштардың реттеу қағидаларын білуі. 5. Қозғалтқыштарды құрастыру монтаждауға арналған технологи құжаттаманы, бұйымдарға арналған паспорттарын, ілеспе карталар формулярларды, сертификатталған бұйымдар туралы негізгі мәліметтер рәсімдеу тәртібін білуі.
Білігі мен дағдылары	3-еңбек функциясы. Стендтер және престерде қозғалтқыштың құрастырылған тораптары агрегаттарына сынақтар жүргізу. Қозғалтқыштарға стендтік сынақтар (суықтай жүргізіп жаттықтыру) жүргізу		
	1. Қозғалтқыш агрегаттары қораптарының май арналарын айдауды орындау білігі. 2. Стендтер мен гидравликалық қысым престерінде құрастырылған тораптарға сынақ жүргізу білігі.	1. Қозғалтқыш агрегаттары мен жүйелерін шаюды және саңылаусыздыққа сынауды жүргізу, тесік іздегіштерді пайдалану білігі. 2. Қозғалтқыштың жекелеген бөлшектерін статикалық тексерімдеу дағдылары. 3. Қозғалтқышты құрастырудан және сынаудан кейін анықталған ақауларды жою дағдылары. 4. Динамометриялық және тонзометриялық құрал-сайманды баламалау дағдылары. 5. Сынау стендтерін баптауды және реттеуді, олардың жұмысындағы ақаулықтарды жоюды орындау білігі.	1. Күрделі керек-жарақтар машиналарды пайдалана отырып қозғалтқыштардың күрделі бөлшектерін тексерімдеуді орындау білігі. 2. Күштік қондырғыны бұйымдастыру кезінде ақауларды жою және агрегаттарды ауыстыру білігі. 3. Қозғалтқыштарға стендтік сынақтар суықтай жүргізіп жаттықтыру жұмыстарын жүргізу білігі. 4. Қозғалтқыштарды сынағаннан кейін реттеу-жетілдіру жұмыстарын орындау білігі. 5. Күрделі автоматика жұмыс тексеруді және қозғалтқыштарды бақылау үшін жинауды орындау білігі. 6. Қозғалтқыштарды техникалық бақылаушыға тапсыру үшін техникалық құжаттаманы рәсімдеу дағдылары.
Білімі	1. Қозғалтқыштардың тораптары мен агрегаттарына май айдауға арналған стендтерді және гидравликалық қысым стендтерін пайдалану қағидаларын білуі.	1. Қозғалтқыш тораптарын айдау бойынша стендтердің конструкциясын білуі. 2. Қозғалтқыштың бөлшектері мен тораптарын динамикалық тексерімдеу үшін стендтерді қолдану қағидалары мен пайдалану қағидаларын білуі. 3. Қозғалтқыштарды сынау кезінде ақаулардың пайда болу себептерін білуі. 4. Турбина бөлшектерінің, агрегаттар мен тораптардың агрессивті ортада жұмыс істеуінің ерекшеліктерін білуі. 5. Қозғалтқыштар үшін пайдаланылатын жанармайдың маркалары мен қасиеттерін білуі.	1. Арнайы сынақ стендтерін баптау және ақаулықтарын жөндеу тәсілдері мен қағидаларын білуі. 2. Газды-турбиналы қозғалтқыштарда агрессивті ортаның қысымы металл құрылымының өзгерістерін білуі. 3. Қозғалтқыштарды техникалық бақылаушыға тапсыру үшін техникалық құжаттаманы рәсімдеу қағидаларын білуі.

Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істеу білігі. Зер салуды, өз жұмысының нәтижелері үшін жауапкершілік алу Кеңістікке бейімделіп ойлау. Талдамалық ойлау.		
С Б Ш шеңберінде б а с қ а кәсіптермен байланысы	7 2 3 2 7 2 3 2 7232	Ұшу аппараттарын құрастырушы Авиакөзғалтқыштарды жөндеу жөніндегі Ұшу аппараттарын жөндеу жөніндегі слесарь	сл сл
«Ұшу аппаратын құрастырушы слесарь» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ			
Кәсіптің коды	7232		
Кәсіптің атауы	Ұшу аппаратын құрастырушы слесарь		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2-4		
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-8		
Кәсіби білім деңгейі	Орта кәсіби білім		
Еңбек функциялары	1) Тораптық және агрегаттық құрастыру.		
	2) Ұшу аппараттарының тораптары мен агрегаттарын сынау және реттеу.		
	3) Ұшу аппараттарын түпкілікті құрастыру, реттеу және жетілдіру.		
Білігі мен дағдылары	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2-3)	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 4-5)	СБШ бойынша біліктілік деңгей біліктілік разряды: 6-8)
	1-еңбек функциясы. Тораптық және агрегаттық құрастыру		
	1. Ұшу аппараттарының бөлшектері мен тораптарын ашу және консервациядан алу дағдылары. 2. Металды слесарлық өңдеу бойынша негізгі операцияларды орындау білігі: қол арамен кесу, аралау, егеуқұм қағазымен өңдеу, тегіссіздіктері мен кемшіліктерін жою білігі. 3. Құрастыратын құрал-сайманды қолдана отырып, сызбалар мен технологиялар бойынша күрделілігі орташа тораптар мен агрегаттарды құрастыру білігі. 4. Ұшу аппараттарының жекелеген агрегаттарын технологиялық	1. Сыртқы қоршаулар мен түйісетін беттерді 6-10 қвалитеттері бойынша жетілдіре отырып, ұшу аппараттарының бөлшектері мен тораптарын құрастыру мен реттеуді жүргізу білігі. 2. Тесіктерді бітеумен және желімді, герметикті, бояуды қолданумен 7-10 қвалитеттері бойынша бұрандама және шеге арқылы бекітілетін қосылыстарды орындау білігі. 3. Темір арқан сымды монтаждауды орындау білігі. 4. Дәл аспаптарды пайдаланумен ұшу аппараттарының агрегаттарын	1. Композициялық материалдар ұялы конструкциялардан жасалған аппараттарының күрделі бөлшекте тораптарын түпкілікті өңдеуді оры білігі. 2. Түйісетін беттерді 6 қвали бойынша жетілдіре отырып, аппараттарының күрделі тораптары

	<p>бұрандамаларға бекіте отырып, оларды алдын ала құрастыру дағдылары.</p> <p>5. Қолжетімді жерлердегі тораптық қосылыстарды стапельдерге және стапельдерден тыс құрастыру және шегелеу дағдылары.</p> <p>6. Ұшу аппараттарының бөлшектері мен тораптарының орнын қарапайым жүк көтергіш механизмдер арқылы ауыстыру дағдылары.</p>	<p>нивелирлеу дағдылары.</p> <p>5. Монтаждаланған тораптардың , агрегаттардың және жүйелердің өзара іс-қимылын, олардың жұмыс істеу қабілетін тексеруді жүргізу және анықталған ақауларды жою білігі.</p> <p>6. Бақылау-өлшеу аспаптарын жұмыста қолдану және баптау білігі.</p>	<p>агрегаттарын түйістіру және нивел білігі.</p>
Білімі	<p>1. Ұшу аппараттарының қарапайым бөлшектері мен тораптарын құрастыру мен бөлшектеудің технологиялық процестерін білуі.</p> <p>2. Құрастырылатын тораптар мен агрегаттардың конструкциясы туралы негізгі мәліметтерді білуі.</p> <p>3. Слесарлық-құрастыру жұмыстарын орындаған кездегі ақаулардың түрлері мен себептерін білуі.</p> <p>4. Стапельдердің құрылысын, қолданылатын стапельдердің үлгілерін бекіту тәсілі бойынша білуі.</p> <p>5. Қолданылатын қарапайым механикаландырылған жабдықтың, жарактың, керек-жарактардың, слесарлық және өлшеу құрал-саймандарының, жүк көтергіш механизмдердің қолданылу мақсаттарын және пайдалану қағидаларын білуі.</p> <p>6. Жағармайлар мен жұмыстық сұйықтықтардың атауларын білуі.</p>	<p>1. Агрегаттар мен жүйелерді монтаждауға, жұмыс істетуге, реттеуге арналған техникалық талаптарды білуі.</p> <p>2. Термоөңдеу және дәнекерлеу қағидалары мен түрлерін білуі.</p> <p>3. Негізгі жиналатын агрегаттар мен бөлшектерді жөндеу технологияларын білуі.</p> <p>4. Саңылаусыздау схемаларын , шектеулер мен орнату жүйелерін білуі.</p>	<p>1. Ұшу аппараттарының құр, жүйелерінің конструкциясын</p> <p>2. Дәнекерлеу және термика жұмыстардың технологияларын</p> <p>3. Нивелирді, теодолитті, квадра оптикалық бұрыш өлшегішті пайд; қағидаларын білуі.</p>
Білігі мен дағдылары	<p>2-енбек функциясы. Ұшу аппараттарының тораптары мен агрегаттарын сынау және реттеу (Бұл функциясын орындау жұмысшының СБШ бойынша 3-4-деңгейдегі біліктілігінің болуын талап ет</p>		
		<p>1. Авиациялық бұйымдарды саңылаусыздыққа сынауды жүргізу білігі.</p>	<p>1. Сынақ жүргізу стендтерінде рульдерін, биіктікті, элеронда теңгерімдеуді жүргізу</p> <p>2. Иммитациялайтын агрегаттары сынақ жүргізу стендтерінде : аппараттарының басқару жүйел реттеу дағды</p> <p>3. Сынақ жүргізу стендтері</p>

		2. Сынақ жүргізу стендтері мен аспаптарын басқару дағдылары.	аспаптарын басқаруды, олар баптауды және сынауды жүргізу 4. Автоматтар мен бақылау-я аппаратурасының жұмысын бақыл орындау бі 5. Ауа және май қысымымен құбы сынақ жүргізу білігі.
Білімі		1. Сынауға арналған жерүсті стендтері мен қондырғыларын пайдалану қағидаларын білуі. 2. Авиациялық жүйелерді сынауға арналған техникалық талаптарды білуі. 3. Сынау аппаратурасы мен тесік іздегішті қолдана отырып, ұшу аппараттары агрегаттарын саңылаусыздыққа сынауды жүргізу технологияларын білуі.	1. Иммитациялайтын агрегаттары сынақ жүргізу стендтерінде : аппараттарының басқару жүйел реттеу қағидаларын 2. Түрлі жүйелерді кешенді сын арналған қондырғылар мен стендт жұмыс істеу қағидаты мен ба тәсілдерін білуі.
Білігі мен дағдылары	3-еңбек функциясы. Ұшу аппаратын түпкілікті құрастыру, реттеу және жетілдіру (Бұл е функциясын орындау жұмысшының СБШ бойынша 3-4-деңгейдегі біліктілігінің болуын талап ет		
		1. Аса жеңіл ұшу аппараттарын түпкілікті құрастыруды, реттеуді және жетілдіруді орындау білігі. 2. Белгіленген мөлшерлерін реттей отырып, ұшу аппараттарының агрегаттары мен тораптарын монтаждау білігі. 3. Желдету және басқа да жүйелерді реттей отырып, жеңіл ұшақтар мен тікұшақтардың интерьерлерін құрастыру дағдылары. 4. Катапультталатын орындықтардың, қақпақтардың, люктердің релесін монтаждау дағдылары . 5. Күрделі жалпы құрастыру және монтаждау схемаларын оқу дағдылары.	1. Жеңіл ұшу аппараттарын, ор үлгідегі ұшу аппараттарын, ауыр аппараттарын, сондай-ақ ұша: зертханалар түріндегі тәжірибе эксперименттік бірегей ұп аппараттарын және аэроғарыш объектілерді түпкілікті құрастыр нивелирлеуді және жетілдіруді оры б і л і г і . 2. Дәл аспаптарды пайдалана оть ұшу аппараттарының агрегатта нивелирлеу дағдылары, нивел теодолит, квадрант, оптикалық бұ өлшегішті пайдалану, нивелир схемалары бойынша жұмыс і д а ғ д ы л а р ы . 3. Жүйелерінің қажетті өзара іс-қи есептемелерін орындай отыр құрастырылған күрделі авиация бұйымды баптауды, кешенді жұ істетуді және тексеруді орын техникалық талаптардан ауытқуын отырып, авиациялық жүйеле пысықтау бі 4. Күрделі ілеспе құжаттарды ресі дағдылары.
			1. Құрастырылатын ұш аппараттарының конструкциял ерекшеліктерін, олардың жүйелеі қағидаттық схемаларын, жетілдіг технологиялық ерекшеліктерін

Білімі		<p>1. Ұшу аппараттарының күрделі жүйелерінің конструкциясын білуі.</p> <p>2. Монтаждалатын агрегаттар мен жүйелердің өзара іс-қимылы мен жұмыс істеу қағидаттарын білуі.</p>	<p>2. Негізгі жүйелерді құрасты технологияларын, авиациялы бұйымның күрделі тораптары агрегаттарын орнату, түйістіру : бекіту технологияларын</p> <p>3. Ұшу аппаратын монтаждау, түпсі құрастыру, жұмыс істету және рет арналған техникалық талаптарды</p> <p>4. Пневматика, гидравлик аэродинамика негіздерін</p> <p>5. Криогендік техника жөніндегі н мәліметтерді (</p> <p>6. Графикалық компьютерл бағдарламалар туралы негі мәліметтерді (</p> <p>7. Бұйымдарға қойылаты сертификаттық талаптарды</p> <p>8. Күрделі ілеспе құжаттарды ресі тәртібін білуі.</p>
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Орындаушылық, Кеңістікке бейімделіп Техникалық Командада жұмыс істей білу.	дербестік, ойлау және бейнелі есте сақтау қаб	жауапкерш есте сақтау қаб с
С Б Ш шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс	7 2 3 2 7 2 3 2 7232	Ұшу аппараттарын жөндеу жөніндегі сл Қозғалтқыштарды құрастырушы сл Авиациялық аспаптарды құрастырушы слесарь	
«Авиакөзғалтқыштарды жөндеу жөніндегі слесарь» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ			
Кәсіп коды	7232		
Кәсіп атауы	Авиакөзғалтқыштарды жөндеу жөніндегі слесарь		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2-4		
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-7		
Кәсіби білім деңгейі	Орта кәсіби білімі		
Еңбек функциялары	<p>1) Авиакөзғалтқышты демонтаждау, бөлшектеу және ақаулау.</p> <p>2) Авиакөзғалтқыш бөлшектерін жөндеу.</p> <p>3) Тиісті параметрлерді тексере және реттей отырып, қондырғыларда авиакөзғалтқыштың жөнд тораптарын құрастыру және сынау.</p>		
	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2-3)	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 4-5)	СБШ бойынша біліктілік деңгей біліктілік разряды: 6-7)
	1-еңбек функциясы. Авиакөзғалтқышты демонтаждау, бөлшектеу және ақаулау		
	1. Орташа күрделілік дәрежесіндегі авиакөзғалтқышты		

<p>Білігі мен дағдылары</p>	<p>демонтаждау және бөлшектеу дағдылары. 2. Авиакөзғалтқыштың ақауларын визуалды табу білігі. 3. Авиакөзғалтқышты қайта іске қосу және ластанудан, шаңнан, аққан май мен басқа да сұйықтықтардың іздерінен тазалау дағдылары. 4. Авиакөзғалтқыштың бөлшектерін түрлі әдістермен тазалау және жууды, тоттан тазалауды орындау білігі.</p>	<p>1. Күрделі авиакөзғалтқыштарды бөлшектеу және ажырату дағдылары. 2. Авиакөзғалтқыш бөлшектерінің техникалық тұрғыдан жұмысқа жарамдылығын тексеру білігі. 3. Барлық бақылау әдістері мен құралдарын пайдалана отырып, жөнделуге тиіс авиакөзғалтқыш бөлшектері мен тораптарының сапасын айқындау дағдылары.</p>	<p>1. Авиакөзғалтқыштың ақаулықта және істен шығуларына талдай жұбілігі. 2. Ілеспе техникалық құжаттам ресімдеу дағдылары.</p>
<p>Білімі</p>	<p>1. Авиакөзғалтқышты бөлшектеу кезінде қойылатын негізгі талаптарды білуі. 2. Авиакөзғалтқыш бөлшектерін тазалау мен майсыздандырудың түрлі әдістері мен технологияларын білуі.</p>	<p>1. Авиакөзғалтқышты пайдаланудың техникалық талаптарын білуі. 2. Авиакөзғалтқыш бөлшектерін ақаулаудың түрлі әдістері мен негізгі қағидаларын білуі. 3. Ақаулықтарды іздеу кезектілігін білуі. 4. Авиакөзғалтқыш бөлшектеріне тән ақауларды білуі. 5. Бұзбай бақылаудың негізгі әдістерін білуі.</p>	<p>1. Авиакөзғалтқыштың істен шы және ақаулықтарын зерттеу талдаудың негізгі қағидаларын 2. Жөнделуге арналған ілеспе техни құжаттаманы ресімдеу қағидала білуі.</p>
<p>Білігі мен дағдылары</p>	<p>2-еңбек функциясы. Авиакөзғалтқыш бөлшектерін жөндеу</p> <p>1. Орташа күрделілік дәрежесіндегі авиакөзғалтқыш бөлшектерін , тораптарын және механизмдерін жөндеуді орындау дағдылары. 2. 11-14 квалитеттері бойынша слесарлық жұмыстарды орындау білігі. 3. Мынадай жөндеу-слесарлық жұмыстарды орындау дағдылары: - ұңғымен тесіктерді ашу, штифтер пен түйреуіштерді орнату, жазық беттерді тегістеп келтіру; - авиакөзғалтқыштың күрделі емес бөлшектерін бұрандамалармен және</p>	<p>1. Жөндеу технологиясына сәйкес күрделі конструкциялы авиакөзғалтқыш бөлшектерін, механизмдерінің тораптарын жөндеуді орындау дағдылары. 2. 6-10 квалитеттері бойынша күрделі слесарлық жұмыстарды орындау білігі. 3. Салмағы бойынша іріктей отырып, турбина роторының қалақтарын ауыстыру білігі. 4. Талап етілетін рұқсаттарға сәйкес авиакөзғалтқыштың күрделі бөлшектері мен тораптарын қиыстырып келтіру дағдылары. 5. Тегершікті жұптардың ілінісуін іріктеуді және реттеуді жүргізу білігі. 6. Авиакөзғалтқыш бөлшектерін арнайы кесетін құрал-сайманмен, абразивті тастармен, егеуқұм ұнтағымен , МОИ пастасымен өңдеу</p>	<p>1. Слесарлық және жетілді жұмыстарын 4-5-квалитеттер қамтамасыз ете отырып орындау 2. Тексеру құрал-саймандары аспаптарын қолдана отырып, бір жазықтықтардағы күрделі бөлше мен тораптарды тексеру және өбілігі. 3. Турбина роторларын және компрессорды динамикалық тенебілігі. 4. Сызбаларды оқу және өңдеуге не қиыстырып келтіруге қажет оры қалдыра отырып, олар бойын авиакөзғалтқыш бөлшектерін және авиакөзғалтқыштардың бөлшекте</p>

	<p>бұрамалармен бір-бірімен жалғау; - тігістерді өңдеу және жөндейтін бөлшектерді дәнекерлеуге дайындау; - бұрғымен және бұрғылайтын станоктарда тесікті бұрғылау; - бұранда салу. 4. Авиакөзғалтқыш бөлшектерін пломбалауды және танбалауды орындау, қарапайым механизмдерді қолдана отырып, оларды тасымалдау білігі. 5. Қарапайым схемалар мен эскиздерді оқу білігі.</p>	<p>дағдылары. 7. Төлкелерді ауыстыру және ажырату білігі. 8. Авиакөзғалтқыштағы агрегаттарды ауыстыру білігі. 9. Авиакөзғалтқыш бөлшектерінің тікелей бетіндегі кедір-бұдырлық өлшемдерді айқындау дағдылары. 10. Слесарлық және дәл бақылау-өлшеу құрал-саймандарын баптау дағдылары. 11. Түрлі күрделілік дәрежесіндегі сызбаларды оқу білігі. 12. Күрделі көтеру-тасымалдау механизмдерін пайдалану білігі.</p>	<p>қолданылатын құрал-саймандар керек-жарақтардың эскиздерін жазу білігі. 5. Бірінші сериялардағы авиа-көзғалтқыштардың және я конструкциялардың күрделі торап күрделі геометрикалық нысанды прецизионды бөлшектер механизмдерді, криогендік жүйелер арнайы авиациялық көзғалтқыш немесе газ түріндегі отын пайдаланатын арнайы авиация көзғалтқыштарды жөндеу дағдылау</p>
<p>Білімі</p>	<p>1. Жөнделетін авиакөзғалтқыш бөлшектерінің жұмыс істеу талаптарын білуі. 2. Шектеулер мен орнату, беттерді өңдеу өлшемдері жүйесін білуі. 3. Орташа күрделілік дәрежесіндегі авиакөзғалтқыш бөлшектерін жөндеу технологияларын білуі. 4. Сызбаларды оқу қағидаларын білуі. 5. Слесарлық жұмыстардың технологиялық операцияларын, авиакөзғалтқыш бөлшектері мен тораптарын слесарлық өңдеу және жөндеу тәсілдері мен әдістерін білуі. 6. Жөндеу кезінде қолданылатын металдардың, қоспалардың және металл емес материалдардың физикалық қасиеттері, тоттану түрлері мен металдарды одан қорғау</p>	<p>1. Жөнделетін авиакөзғалтқыштың конструкциясы мен жұмыс істеу қағидаты, негізгі бөлшектері мен тораптарының температуралық және динамикалық жүктемелері туралы негізгі ұғымдарды білуі. 2. Авиакөзғалтқыштың бөлшектері мен тораптарындағы қайталанатын ақауларды жою әдістерін білуі. 3. Авиакөзғалтқыш бөлшектерінің және тораптарының серия бойынша және серия ішіндегі конструкциялық өзгерістерін білуі. 4. Тегершікті жұптарды іріктеу қағидаларын білуі. 5. Қолданылатын дәл слесарлық, құрастыру, бақылау-өлшеу құрал-саймандарының конструкциясын білуі. 6. Материалдарды дәнекерлеу және пісіру, пісіру жіктерінің ақаулары және оларды айқындау тәсілдері, авиакөзғалтқыштың</p>	<p>1. Авиакөзғалтқыштың күрделі бөлшектері мен тораптарын жөндеу технологияларын, оларды жөн сапасын бақылау тәсілдері мен құралдарын білуі. 2. Авиакөзғалтқыштардың жөндеу серияларының конструкциясын; оларды жөндеудің технологиялық ерекшеліктерін білуі. 3. Зертханалық өлшеу құрал-саймандарын және жабды пайдалану қағидаларын; дәл бақылау-өлшеу құрал-сайманын (миниметр, пассаметр, микроскоп, оптикалық бұрыш өлшегіш, шуп) зертханалық жабдықты баптау</p>

	<p>әдістері туралы негізгі мәліметтерді білуі.</p> <p>7. Негізгі слесарлық және бақылау-өлшеу құрал-саймандарының қолданылу мақсатын және оларды пайдалану қағидаларын, қолданылатын құрал-сайман мен жабдықтың ақаулықтарын жою тәртібін білуі.</p> <p>8. Абразивті материалдардың , пасталардың маркалары мен қасиеттерін; төсеу түрлерін, олардың қолданылу мақсатын; төсеу үшін қолданылатын материалдардың қасиеттерін білуі .</p> <p>9. Авиакөзғалтқыш бөлшектерін консервациялау технологияларын білуі.</p> <p>10. Авиакөзғалтқыш тораптары мен бөлшектерін тасымалдау қағидаларын білуі.</p>	<p>пісірілетін бөлшектеріне қарай қолданылатын пісіру түрлері туралы негізгі мәліметтерді білуі.</p> <p>7. Бөлшектерді тегістеуге және жылтыратуға арналған техникалық талаптарды білуі.</p> <p>8. Жөндеуден өткен авиакөзғалтқыш бөлшектері мен тораптарының сапалық жай-күйін бағалау әдістерін білуі .</p> <p>9. Жөндеу учаскесінде қолданылатын қағидаттық және монтаждау схемаларын, қондырғылар мен керек-жарақтар конструкциясын білуі.</p> <p>10. Жөнделетін тораптардың, агрегаттардың және бөлшектердің күрделі сызбаларын оқу қағидаларын, графикалық және сызбалық компьютерлік бағдарламалар туралы негізгі ұғымдарды білуі .</p> <p>11. Авиакөзғалтқыш бөлшектерінің тозуы және тозуын азайту әдістері бойынша негізгі мәліметтерді білуі.</p>	<p>қағидаларын</p> <p>4. Тексеру құрал-саймандары аспаптарын қолдана отырып, күш бөлшектер мен тораптарды бірі жазықтықта тексеру және өл тәсілдерін</p> <p>5. Авиакөзғалтқыштардың торап жөндеу бойынша күрделі жұмыс орындаумен байланысты есептем қағидаларын</p> <p>6. Гальваникалық жабындардың н технологиялық процестерін</p> <p>7. Жөндеген авиакөзғалтқыш сынауға берген кезде, техника құжаттаманы ресімдеу тәртібін біл</p>
<p>Білігі мен дағдылары</p>	<p>3-еңбек функциясы. Тиісті параметрлерді тексере және реттей отырып, қондырғылы авиакөзғалтқыштың жөндеген тораптарын құрастыру және сынау (Бұл еңбек функциясын оры жұмысшының СБШ бойынша 3-4-деңгейдегі біліктілігінің болуын талап етеді)</p>	<p>1. Мынадай авиакөзғалтқыштың жөндеген орташа күрделіліктегі тораптарын сынау дағдылары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құбыр қысымымен гидросынақ жүргізу; - арналарды айдау және авиакөзғалтқыш жетектерінің 	<p>1. Авиакөзғалтқыштардың күш бөлшектері мен тораптарына сы жүргізу дағды</p> <p>2. Сынақ жүргізу стендтерін, мынадай жұмыс істеу дағдылы: техникалық талаптарға сәйкест айқындау немесе көзғалтқышта б жатқан процестерді тәжірибе зерделеу үшін авиациялы көзғалтқыштардың, оларды жүйелерінің, тораптарының ж агрегаттарының сипаттамалары қасиеттерін айқы</p> <p>3. Авиакөзғалтқыштардың мына түрлі параметрлерін: қысым айналымдарын, температурасы виброяүктемелерін, сұйықтық шығысын және т.б. тексеруді ; реттеуді орындау</p> <p>4. Авиакөзғалтқыштардың бөлше</p>

